

Үлкен Нарын ауданының коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативтерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Үлкен Нарын ауданының әкімдігінің 2025 жылғы 4 наурыздағы № 78 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 140-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес, Үлкен Нарын ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Үлкен Нарын ауданының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативтері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімінің міндетін атқарушы

Н. Маратұлы

Үлкен Нарын ауданы әкімдігінің

2025 жылғы "04" наурыздағы

№ 78 қаулысына қосымша

Үлкен Нарын ауданының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта білім беру ұйымдарын қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативтері

Таза кіріс 3 000 000 теңгеге дейін	таза кіріс сомасынан 5 пайыз
Таза кіріс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 10 пайыз
Таза кіріс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза кірістен асқан сомадан 15 пайыз

Таза кірістің қалған бөлігі коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың дамуына жұмсалады.